

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ
КАФЕДРАСЫ
7М01201 – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ БІЛІМ
БАҒДАРЛАМАСЫ

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Тақырыбы: Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың
шығармашылық құзыреттіліктерін ІТ арқылы қалыптастырудың
педагогикалық шарттары

Магистрант: Жұмабек С.С.

Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор Атемова К.Т.

Ақтөбе, 2022

Зерттеу жұмысының өзектілігі:

Қазіргі күні мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мультимедиялық технологияларды, соның ішінде ІТ технологияларын қолдану ең маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру, балаларды жаңашылдыққа баулу ең алдымен мектеп жасына дейінгі балалардан бастау алады. ІТ технологиясын білім беру жүйесіне толыққанды енгізу тек балаларды құзыретті болуға ғана емес, жаңашыл, интеллектуалды тұрғыдан жетілген тұлға ретінде қалыптастыруда маңызы зор. Сондай-ақ білім беру жүйесіне ІТ технологиясын енгізу мектеп жасына дейінгі балалардың жылдам ойлау қабілетін, ақыл-ойын және оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын қалыптастыруда таптырмас құрал деуге толықтай негіз бар. ІТ технологияларын оқу үдерісінде кең түрде қолдану мұғалімге балаларды жаңашылдыққа баулып, қоғам көшінен қалмай, қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін IT арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттары мәселелерін теориялық негіздеу және тәжірибеде тиімділігін көрсету.

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктері турасындағы ғылыми әдебиеттерге шолу жасау.

2. Мектепке дейінгі ұйымдарда ересек топ балаларының шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттарын саралау.

3. Шығармашылық құзыреттіліктерді қалыптастыруда IT технологияларын қолдану бағдарламасын жасау, эксперименттік тексеру және практикалық тұрғыда қолдану үшін ұсыныстар дайындау.

**Зерттеу
жұмысының
міндеттері:**

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін ІТ арқылы қалыптастыруға бағытталған бағдарлама әзірленді және іске асырылды;

- Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының шығармашылық құзыреттіліктерінің қалыптасуы үшін электрондық оқу құралдарын пайдалану тиімділігі расталды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда ІТ технологиясын кеңінен қолдану мектепке дейінгі ересек топ балаларының белгілі көлемдегі білім қорын молайта отырып, ойлау икемділіктерін, шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастырып, оқу іс-әрекеттеріне деген қызығушылықтарын арттырды.

Зерттеу кезеңдері. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша зерттеу екі кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жүргізілді; Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері анықталды.

Екінші кезеңде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейін анықтау үшін диагностика жүргізілді; тапсырмалар жинағы жасалды.

Зерттеудің болжамы:

Біріншіден, балалардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтары артады;


Екіншіден, шығармашылық құзыреттіліктері, танымдық қабілеттері дамиды;

Үшіншіден, балалардың ақыл-ой қызметі артып, жүйелі ойлауға әрі жылдам жұмыс жасауға дағдыланады.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде бес ғылыми мақала жарық көрді:

№	Тип	Мақала тақырыбы	Конференция атауы	Шыққан жылы
1	Халықаралық	Білім беруде заманауи мультимедиялық технологияларды қолдану	«ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ БІЛІМ: ТЕОРИЯ, ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР»	2021 ж
2	Республикалық	IT технологиялары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілігін қалыптастыру	«ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ»	2021 ж
3	Халықаралық	Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін IT арқылы қалыптастырудың мүмкіндіктері	«Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық мұралары»	2021 ж
4	Халықаралық	Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда мультимедиялық оқулықтарды пайдаланудың маңызы	«Заманауи білім беру, мәдениет, өнер: мәселелері мен болашағы»	2021 ж 18 қараша
5	Республикалық	Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастыруда электрондық оқулықтарды қолдану	«ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ»	2022 ж 12-13 сәуір

Мектепке дейінгі кезең - шығармашылықты дамыту үшін ең қолайлы кезең, себебі бұл кезең қарқынды психологиялық жетілу кезеңі болып табылады. Дәл осы кезеңде көптеген салаларда прогрессивті өзгерістер орын алады, психикалық процестер жетілдіріледі (назар, есте сақтау, ойлау, сөйлеу, қиял), белсенді жеке қасиеттер дамиды, олардың негізінде қабілеттер мен бейімділіктер қалыптасады.



Шетел тілдерінің сөздігінде «құзырлы» ұғымы белгілі бір салада құзырлы, білуші, жетік деп түсіндіріледі. Сондай-ақ, энциклопедия бойынша, құзырлылық – адамға, ал құзыреттілік – қызметке, әрекетке тән қасиет ретінде көрсетіледі. С.Д.Смирнов бойынша, құзыреттілік - белгілі бір кәсіби міндеттің орындалуын қамтамасыз ететін өзара байланысты білім, білік және дағдылар жиынтығы деп қарастырылған. Құзыреттілік - адамның белгілі бір саладағы тиімді өнімді қызметі үшін қажетті білім беру дайындығына қойылатын иеліктен шығарылған, алдын-ала белгіленген әлеуметтік талап (норма).

Шығармашылық құзыреттілік дегеніміз...

А. Н. Леонтьевтің пікірінше, шығармашылық құзыреттіліктер - бұл адамның белгілі бір шығармашылық түріне (көркем, техникалық, музыкалық және т.б.) қажетті білім, біліктер мен дағдыларды игеруінің нәтижесі.

А.Н.Лук шығармашылық құзыреттіліктердің келесідей өлшемдерін анықтайды:

- мәселені басқалар көре алмайтын жерде көру мүмкіндігі;
- бір мәселені шешу кезінде алған дағдыларды басқа мәселені шешуге қолдану қабілеті; шындықты оны бөлшектемей, толығымен қабылдау қабілеті; алыс ұғымдарды оңай байланыстыру қабілеті;
- жадтың қажетті ақпаратты қажетті минутта беру қабілеті; ойлаудың икемділігі;
- жаңадан қабылданған ақпаратты қолда бар білім жүйесіне қосу мүмкіндігі;
- идеяларды қалыптастыру жеңілдігі; шығармашылық қиял;

«Педагогикалық шарттар» ұғымының мәнін талдай отырып, Н. В. Ипполитова және Н. С. Стерхова келесі анықтаманы береді: бұл білім беру және материалдық-кеңістіктік орта мүмкіндіктерінің жиынтығын көрсететін, осы жүйенің жеке және процедуралық аспектілеріне әсер ететін және оның тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық жүйенің құрамдас бөліктерінің бірі.

- Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының маңыздыларының бірі – мектепке дейінгі мекемелерде және отбасында балалардың мақсатты шығармашылық қызметін толыққанды түрде ұйымдастыру: оны жарқын әсерлермен байыту, эмоционалды-интеллектуалды тәжірибені қамтамасыз ету.
- Шығармашылық құзыреттіліктерді дамытудың келесі маңызды педагогикалық шарты балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру болып табылады.
- Сондай-ақ шығармашылық қабілеттерді дамытудың ендігі бір шарты оқу іс-әрекеті болып есептеледі. Оның барысында балаларға өз жоспарларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, іс-әрекет әдістері және қабілеттер қалыптасады.
- Сонымен қатар балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастырудың тағы бір маңызды педагогикалық шарттарының бірі шығармашылық даму жағдайының жеке аймағын құру болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында білім беру саласының маңызды міндеттерінің бірі ретінде білім беру жүйесіне жаңа технологияларды енгізу турасында айтылған.

Ақпараттық технология (ағылш. information technology, қысқ. IT) – объектінің, процестің немесе құбылыс туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын қолдануға бағытталған процесс.

Ақпараттық технология дегеніміз компьютерді және телекоммуникациялық жабдықтарды қолдана отырып, деректерді сақтау, шығару, тасымалдау және өзгертуге арналған технология.

Электрондық оқулық – ақпаратты бейнелеудің әртүрлі формалары арқылы компьютерлік дискіден оқылатын және дискіде сақталатын, білім беретін электронды тасымалдағыштағы дидактикалық, әдістмелік және интербелсендік бағдарламалық жабдықтау. Электронды оқулықтар келесі негізгі педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- пәнмен алғашқы танысу, оның негізгі түсініктері мен конструкцияларын игеру;
- әр түрлі тереңдіктегі және егжей-тегжейлі негізгі дайындық;
- білім мен дағдыларды бақылау және бағалау;
- белгілі бір қызмет түрлеріне қабілеттерді дамыту;
- білім мен дағдыларды қалпына келтіру.

Электрондық оқулықтарды қолданудың тиімді және тиімсіз жақтары

Тиімді жақтары	Тиімсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none">- Білім алушылардың уақытын үнемдейді. Бұрынғыдай оқу материалдарын іздеп отырмайтын болады.- Тақырыптың өте күрделі, қиын бөліктеріне келгенде қосымша бейнехабар, аудиохабарларды пайдаланады.- Берілген бағдарламаны меңгеруге, толықтай қабылдауға арналған тест сұрақтарымен қамтамасыз етілген.- Көрнекілік құралдарға деген қажеттілікті азайтады.- Мұғалім әрбір білім алушымен жеке жұмыс жасай алатын болады.	<ul style="list-style-type: none">- Пән аралық байланыстардың аздығы.- Білім алушылардың тіл мәдениетінің төмендеуі, «тірі» қарым-қатынасқа түсе алмауы.- Білім алушылардың жеке ерекшеліктері, денсаулық жағдайларының толыққанды түрде ескерілмеуі.

Білім беру электронды оқулықтарды қолдану мүмкіндік береді:

- Білім алушы алған білімін, дер кезінде өзі тексере алады;
- Қортынды ретінде тест тапсырмаларын орындайды;
- Балалардың қызығушылығы екі есе артады;
- Зейін қойып көрумен қатар, түсінбеген тұстарын қайта көруге мүмкіндік алады;
- Жылдам ойлауы және шығармашылығы артады.



*Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың
шығармашылық құзыреттіліктерінің деңгейін анықтау
мақсатында жүргізілген әдістемелер*

«Бейне
жаса»

«Әңгіме
ойла»

«Қайсысы
артық?»

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерінің деңгейі



Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерінің деңгейлік көрсеткіштері

IT арқылы шығармашылық құзыреттіліктерді қалыптастыру бағдарламасы

Бағдарламаның мақсаты:

Эксперименттік топ балаларымен жұмыстана отырып, олардың білім, білік, дағдыларын, шығармашылық құзыреттіліктерін, креативті ойлау және мәселелерді өздігінен шеше алу құзыреттіліктерін одан әрі жетілдіріп дамытуға бағытталған.

Бағдарлама мазмұны арнайы дайындалған тапсырмалардан тұрады.

Бағдарламаның міндеттері:

- Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларымен жұмыс жасау барысында балалардың шығармашылығымен қатар білім, білік деңгейін жоғарылату;
- Әрбір баланың шығармашылық құзыреттіліктерін, танымдық қабілеттерін жетілдіріп, ақыл-ой әрекеттерін белсендендіру;
- Топ балаларының жұмыс жасау барысында мәселелерді шеше білу, тереңнен ойлау қабілеттерін дамыта отырып, оқу іс-әрекеттеріне деген қызығушылықтарын көтеру.



**«Ақылды қоян»
электронды ойыншығы**

**«Сөйлейтін әліппе»
электронды оқу құралы**

**Қалыптастырушы эксперимент жұмысына
қолданылған тапсырмалар**

**«Тыңда және
қайтала»**

«Жылдам тап»


**«Тыңда және
бейнеле»**

**«Ертегі
кейіпкерлерін
сомда»**

**«Заттарды
топтастыр»**


Тапсырма №1 «Тыңда және қайтала»

Тапсырманы орындау деңгейлері	Қалыптастырушы эксперимент			
	Эксперименттік топ Балдырған ересек тобы (22 бала)		Бақылау тобы Ақбота ересек тобы (22 бала)	
Жоғары деңгей	6	27%	9	41%
Орташа деңгей	9	41%	7	32%
Төмен деңгей	7	32%	6	27%




Тапсырма №2 «Жылдам тап»

Тапсырманы орындау деңгейлері	Қалыптастырушы эксперимент			
	Эксперименттік топ Балдырған ересек тобы (22 бала)		Бақылау тобы Ақбота ересек тобы (22 бала)	
Жоғары деңгей	5	23%	9	41%
Орташа деңгей	10	45%	8	36%
Төмен деңгей	7	32%	5	23%




Тапсырма №3 «Тыңда және бейнеле»

Тапсырманы орындау деңгейлері	Қалыптастырушы эксперимент			
	Эксперименттік топ Балдырған ересек тобы (22 бала)		Бақылау тобы Ақбота ересек тобы (22 бала)	
Жоғары деңгей	9	41%	8	36%
Орташа деңгей	7	32%	9	41%
Төмен деңгей	6	27%	5	23%




Тапсырма №4 «Ертегі кейіпкерлерін сомда»

Тапсырманы орындау деңгейлері	Қалыптастырушы эксперимент			
	Эксперименттік топ Балдырған ересек тобы (22 бала)		Бақылау тобы Ақбота ересек тобы (22 бала)	
Жоғары деңгей	8	36%	10	45%
Орташа деңгей	10	45%	7	32%
Төмен деңгей	4	18%	5	23%



Тапсырма №5 «Заттарды топтастыр»

Тапсырманы орындау деңгейлері	Қалыптастырушы эксперимент			
	Эксперименттік топ Балдырған ересек тобы (22 бала)		Бақылау тобы Ақбота ересек тобы (22 бала)	
Жоғары деңгей	9	41%	11	50%
Орташа деңгей	9	41%	8	36%
Төмен деңгей	4	18%	3	14%



Балалардың қазіргі деңгейін бастапқы деңгеймен салыстыру үшін анықтауыш эксперимент барысында топта жүргізілген әдістемелер қайтадан өткізілді. Нәтижелері төмендегідей болды:

«Бейне жаса» әдістемесінің қорытындысы

Тапсырманы орындау деңгейлері	Бақылау эксперимент			
	Эксперименттік топ Балдырған ересек тобы (22 бала)		Бақылау тобы Ақбота ересек тобы (22 бала)	
	Жоғары деңгей	10	45%	8
Орташа деңгей	9	41%	11	50%
Төмен деңгей	3	14%	3	14%

«Әңгіме ойла» әдістемесінің қорытындысы

Тапсырманы орындау деңгейлері	Бақылау эксперимент			
	Эксперименттік топ Балдырған ересек тобы (22 бала)		Бақылау тобы Ақбота ересек тобы (22 бала)	
	Жоғары деңгей	11	50%	7
Орташа деңгей	7	32%	10	45%
Төмен деңгей	4	18%	5	23%


«Жұбын тап» әдістемесінің қорытындысы

Тапсырманы орындау деңгейлері	Бақылау эксперимент			
	Эксперименттік топ Балдырған ересек тобы (22 бала)		Бақылау тобы Ақбота ересек тобы (22 бала)	
Жоғары деңгей	9	41%	8	36%
Орташа деңгей	10	45%	9	41%
Төмен деңгей	3	14%	5	23%


«Қайсысы артық» әдістемесінің қорытындысы

Тапсырманы орындау деңгейлері	Бақылау эксперимент			
	Эксперименттік топ Балдырған ересек тобы (22 бала)		Бақылау тобы Ақбота ересек тобы (22 бала)	
Жоғары деңгей	11	50%	11	50%
Орташа деңгей	9	41%	7	32%
Төмен деңгей	2	9%	4	18%


Эксперимент және бақылау топтарының ортақ көрсеткіштері



Эксперименке дейінгі және кейінгі топ балаларының салыстырмалы нәтижелері



Эксперимент тобы бойынша



Бақылау тобы бойынша

Балалармен жұмыс жасау сәтінен



ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысы барысында келесі міндеттер шешілді:

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту мәселесі бойынша әдебиеттер талданды.

Шығармашылық құзыреттілік – белгілі көлемдегі адамның білім деңгейі, тереңнен ойлай білу мүмкіндігі, жаңа идеяларды тудыру, мәселелік жағдайлардан шыға алу, әртүрлі тапсырмалардың стандартты емес шешімдерін таба білу.

Шығармашылық құзыреттілік мынадай критерийлер бойынша көрініс береді:

- қызығушылық, артықшылық көрсету, шығармашылық өнімдерді жасауға ниет білдіру қабілеті;
- әртүрлі қызмет түрлерінде (сурет салуда, мүсіндеуде, құрастыруда және т.б.) ойды іске асыру қабілеті;
- мәнерлі бейнені жасау кезінде әртүрлі (дәстүрлі емес) құралдарды пайдалану;
- өзіндік өнімді шығармашылық қызметтің нәтижесін бағалау; өнімнің өзіндік ерекшелігі.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастыру құралы ретінде оқу іс-әрекеттерінде ІТ құралдарының бірі ретінде электрондық оқулықтарды қолдану мүмкіндіктері қарастырылды.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың оқу процесінде шығармашылық құзыреттіліктерін дамытып қалыптастыруға бағытталған арнайы бағдарлама жасалды.

Бағдарламаның мақсаты: Мектепке дейінгі ересек топ балаларымен жұмыстана отырып, олардың білім, білік, дағдыларын, шығармашылық құзыреттіліктерін, креативті ойлау және мәселелерді өздігінен шеше алу құзыреттіліктерін одан әрі жетілдіріп дамытуға бағытталған. Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған бағдарлама мазмұнында барлық педагогикалық жағдайлар ескерілді. Бағдарламада көрсетілген тапсырмаларды орындау барысында электрондық оқу құралдары ретінде ақылды қоян ойыншығы мен сөйлейтін әліппе қолданылды. Олар өз кезегінде балалардың оқу іс-әрекеттеріне деген қызығушылықтарын одан әрі арттыра түсті. Осылайша, мектепке дейінгі ұйымдарда ересек жастағы балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау және осы негізде бағдарлама жасақтау бойынша зерттеу аяқталды, қойылған міндеттер шешілді, мақсатқа қол жеткізілді.

Эксперимент жұмысын қорытындылай келе, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың оқу іс-әрекетіне ІТ технологиясы құралдарының бірі электрондық оқулықтарды қолданысқа енгізсе, онда балалардың білімі тереңдеп, шығармашылық құзыреттіліктері қалыптасып, оқуға деген белсенділіктері мен қызығушылықтары артады. **Осы айтылғандарды негізге ала отырып, төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:**

1) оқу үдерісіне қандай да болмасын ІТ құралдарын енгізіп, оқу іс-әрекетін жаңаша сипатпен түрлендіріп отыру керек;

2) балалардың шығармашылық құзыреттіліктерін одан әрі дамыта түсу үшін балаларға түрлі бағыттағы тапсырмалар мен әдістемелер жиі қолданылып отыруы керек;

3) оқу іс-әрекеті мен ойынды өзара байланыстыра отырып, оны балалардың дамуына бағыттап отыруы тиіс.

**НАЗАРЛАРЫҢЫ
ЗҒА
РАХМЕТ!**